



ӘӨЖ 902.904 (574)
ҒТАМР 03.41.91

<https://doi.org/10.52967/akz2026.1.31.11.33>

Қазақстанның батыс өңіріндегі ортағасырлық қалалардың тарихи топографиясы

© 2026 ж. Калменов М.Д., Бижанова А.Е.

Keywords: archaeology, Middle Ages, Western regions of Kazakhstan, Mangystau Peninsula, Jaiyq River basin, Kyzylkala, Ketikkala, Saraishyq, Aktobe-Laeti, Jaiyq

Түйін сөздер: археология, Орта ғасырлар, Қазақстанның Батыс өңірі, Маңғыстау түбегі, Жайық өзенінің бассейні, Қызылқала, Кетікқала, Сарайшық, Ақтөбе-Лаэти, Жайық

Ключевые слова: археология, Средневековье, Западные регионы Казахстана, полуостров Мангистау, бассейн реки Жайык, Кызылкала, Кетиккала, Сарайшык, Актобе-Лаэти, Жайык

Murat Kalmenov^{1*} and Aliya Bizhanova¹

^{1*}Corresponding author, PhD, West Kazakhstan University of Innovation and Technology, Oral, Kazakhstan
ORCID: [0000-0000-9446-5500](https://orcid.org/0000-0000-9446-5500) E-mail: kalmenoff@mail.ru

¹Candidate of Historical Science, West Kazakhstan University of Innovation and Technology, Oral, Kazakhstan
ORCID: [0000-0001-9371-7198](https://orcid.org/0000-0001-9371-7198) E-mail: aaliyka@mail.ru

Historical topography of medieval towns in the western region of Kazakhstan

The presented article publishes an analysis of the archaeological materials of medieval cities, represented on the territory of Western Kazakhstan in the historical and topographic aspect. The study of urban culture in the Western region of Kazakhstan is one of the most relevant areas in Kazakh archaeology. Within this problem, a promising region for conducting comprehensive research is the Mangystau Peninsula and the basin of the Jaiyq River, on the territories of which many monuments of historical and cultural heritage are recorded. The article presents a brief analysis of the emergence of urban centers and the features of urbanization processes during the Middle Ages, particularly changes in the topography of cities, the emergence of new structural elements. Trade, including international trade, often determined the life of a medieval city. Beginning from the 10th century AD, cities began to form in the region as a result of the development of local, regional and international trade. In many ways, the life of the city, its well-being and prosperity depended on trade. These were cities that were not inferior in size to most medieval cities in Central Asia. For example, the central part of Kyzylkala consisted of a fortress and a densely built-up shahristan. Rabad (a craft and commercial suburb) and the territory of the manor building adjoined shahristan. The area adjacent to Shahristan with well-developed irrigation systems was the arable land of the city's residents. An overview of written sources with information about cities and their location is provided. Attempts have been made to systematize the medieval cities of the Northeastern Caspian historical and geographical microdistrict.

For citation: Kalmenov, M., Bizhanova, A. 2026. Historical topography of medieval towns in the western region of Kazakhstan. *Kazakhstan Archaeology* 1 (31), 11–33 (in Kazakh).

DOI: [10.52967/akz2026.1.31.11.33](https://doi.org/10.52967/akz2026.1.31.11.33)

Мұрат Дабылұлы Калменов^{1*}, Әлия Еремекқызы Бижанова¹

^{1*}корреспондент авторы, PhD, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., Қазақстан

¹тарих ғылымдарының кандидаты, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., Қазақстан

Қазақстанның батыс өңіріндегі ортағасырлық қалалардың тарихи топографиясы

Ұсынылып отырған мақалада тарихи-топографиялық аспектіде Батыс Қазақстан аумағында орналасқан ортағасырлық қалалардың археологиялық материалдарын талдау нәтижелері жарияланған. Қазақстанның батыс өңіріндегі қалалық мәдениетті зерттеу отандық археологияның өзекті мәселелерінің бірі. Осы мәселенің шеңберінде кешенді археологиялық зерттеулер жүргізу үшін тарихи-мәдени мұра ескерткіштері көп тіркелген перспективалы аймақ – Маңғыстау түбегі мен Жайық өзенінің бассейні. Мақалада қалалық орталықтардың



пайда болуына және орта ғасырлардағы урбанизациялық процестердің ерекшеліктеріне, атап айтқанда қалалардың топографиясындағы өзгерістерге, жаңа құрылымдық элементтердің пайда болуына қысқаша талдау берілген. Адамзат тарихында сауда, оның ішінде халықаралық сауда ортағасырлық қаланың қалыптасуына және өмір сүруіне үлкен ықпалын тигізгені көпшілікке мәлім. X ғ. бастап өңірде жергілікті, аймақтық және халықаралық сауданың дамуы нәтижесінде қалалар қалыптаса бастады. Қаланың өмірі, оның әл-ауқаты мен өркендеуі саудаға тікелей байланысты болған. Өңірдегі қалалардың Орталық Азияның ортағасырлық қалаларынан даму деңгейі кем болмағандығын соңғы жылдары жүргізілген археологиялық зерттеулер дәлелдеді. Мысалы, Қызылқаланың орталық бөлігі бекініс пен тығыз инфрақұрылымды шахристаннан тұрған. Шахристанға іргелес жерде рабад пен тұрғын үйлер кешені шоғырланған. Сонымен қатар дамыған ирригациялық жүйелері қалыптасқан аймағында қала тұрғындарының егіншілікпен айналысатын алқаптары да болған. Мақалада өңірдің ортағасырлық қалалары туралы мәліметтерге және олардың орналасқан жерін баламалап анықтайтын жазбаша дереккөздерге де шолу жүргізілді. Солтүстік-Шығыс Каспий маңы тарихи-географиялық шағын ауданының ортағасырлық қалалары бойынша мәліметтерді жүйелеуге әрекет жасалды.

Сілтеме үшін: Калменов М.Д., Бижанова А.Е. Қазақстанның батыс өңіріндегі ортағасырлық қалалардың тарихи топографиясы. *Қазақстан археологиясы*. 2026. № 1 (31). 11–33-бб.

Мурат Дабылович Калменов^{1*}, Алия Ермековна Бижанова¹

^{1*}автор-корреспондент, PhD, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск, Казахстан

¹кандидат исторических наук, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск, Казахстан

Историческая топография средневековых городов западного региона Казахстана

В представленной статье публикуются результаты анализа археологических материалов средневековых городов на территории Западного Казахстана в историко-топографическом аспекте. Изучение городской культуры в западном регионе Казахстана является одним из актуальных направлений в отечественной археологии. В рамках данной проблемы перспективным регионом для проведения комплексных исследований является полуостров Мангистау и бассейн реки Жайык, на территории которых зафиксировано множество памятников историко-культурного наследия. В статье представлен краткий анализ возникновения городских центров и особенностей урбанизационных процессов периода средневековья, именно – изменения в топографии городов, появлении новых структурных элементов. Торговля, в том числе и международная, зачастую определяла жизнь средневекового города. Начиная с X века в регионе, в результате развития местной, региональной и международной торговли, начали формироваться города. Во многом от торговли зависела жизнь городов, их благополучие и процветание. Это были города, не уступавшие по размерам большинству средневековых городов Центральной Азии. Например, центральная часть Кызылбалык состояла из крепости и плотно застроенного шахристана. К шахристану примыкали рабад (ремесленно-торговое предместье) и территория усадебной застройки. Прилегающая к шахристану местность с развитой ирригационной системой составляла пахотные земли жителей города. В статье также приводится обзор письменных источников, содержащих сведения о городах и информацию по их местоположению. Предприняты попытки систематизировать данные по средневековым городам Северо-Восточного Прикаспийского историко-географического микрорайона.


Для цитирования: Калменов М.Д., Бижанова А.Е. Историческая топография средневековых городов западного региона Казахстана. *Археология Казахстана*. 2026. № 1 (31). С. 11–33 (на каз. яз.).

1 Кіріспе

Қазақстанның Батыс өңірі ежелгі дәуірден Орталық Азия мен Шығыс Еуропа халықтары мен мәдениеттерін байланыстыратын маңызды аймақ рөлін атқарып келеді. Бұл аймақтың жалпы тарихы туралы мәліметтер қазіргі уақытқа дейін негізінен тек жазба немесе картографиялық деректерден ғана белгілі, ал ондай мәліметтер өңірдің ертедегі тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетін, сонымен қатар этникалық тарихының жекелеген тұстарын тарихи тұрғыда қайта қалпына келтіру



үшін жеткіліксіз. Қазіргі отандық тарих ғылымында орта ғасырлардағы этникалық топтардың бір-бірімен өзара байланысына қатысты мәселелерді негізінен жазба және тілдік деректерге сүйеніп айту үрдісі қалыптасқан. Өңірдегі археологиялық деректерінің аздығына байланысты, осы күнге дейін материалдық мәдениетті зерттеуге жеткілікті көңіл бөлінбей келді. Бұл өңірдің ортағасырлық тарихын қалпына келтірудегі басты дереккөз – археологиялық материалдардың ғылыми айналымға толық енгендігін көрсетеді.



1-сур. Қазақстанның Батыс өңірінің ортағасырлық қалаларының орналасуы: 1 – Қызылқала; 2 – Кетікқала; 3 – Ақтөбе-Лаэти; 4 – Сарайшық; 5 – Жайық. Орындаған: М.Д. Калменов, М.А. Антонов

Рис. 1. Местоположения средневековых городов Запада Казахстана: 1 – Кызылкала; 2 – Кетиккала; 3 – Актобе-Лаэти; 4 – Сарайшык; 5 – Жайык. Выполнено М.Д. Калменовым и М.А. Антоновым

Fig. 1. Location of medieval cities in Western Kazakhstan: 1 – Kyzylkala; 2 – Ketikkala; 3 – Aktobe-Laeti; 4 – Saraishyq; 5 – Jaiyq. Prepared by M.D. Kalmenov and M.A. Antonov

Қазіргі таңда жаңа археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қордаланған материалдардың жинақталуына байланысты өңірдің тарихына қатысы бар ескерткіштерді мұқият зерттеп, оларды ғылыми айналымға енгізу мәселесі туындап отыр [Калменов 2023: 19].

Соңғы жылдары табылған жаңа археологиялық материалдарды талдау өңірде орта ғасырларда өмір сүрген тұрғындардың тұрмысы мен мәдениеті туралы түсінігімізді кеңейтуге мүмкіндік береді. Аталған тақырыпты талдау, атап айтқанда, Батыс Қазақстандағы X–XIV ғасырларға тән қалалық мәдениет ескерткіштерін зерттеу барысында көшпелі және отырықшы этникалық топтардың



өзара байланысын зерделеп, жаңа деректерді ғылыми айналымға енгізу өзекті міндеттердің бірі болып табылады. Бірінші кезекте археологиялық деректердің ақпараттық құндылығының жоғары болуынан, ал екіншіден, археологиялық ескерткіштердің әлі толық зерттелмеуінен тақырыптың өзектілігін арттырып отыр.

2 Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері. Зерттеудің методологиялық негізін тарихи құбылыстардың даму үдерісі мен өзара байланысында қарастыруға мүмкіндік беретін нақты тарихи таным принципі құрайды. Методологиялық ұстанымдар ретінде объективтілік пен жүйелілік принциптері қолданылды. Бұндай тәсіл жиналған материалдарды жүйелеуге және салыстырмалы түрде талдау жүргізуге мүмкіндік берді. Мақала Қазақстанның Батыс өңірінде әр жылдары жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары барысында алынған материалдар және өңірге қатысты жазба мен картографиялық деректер негізінде жазылды. Алдымен, археологиялық қазба және барлау, стратиграфиялық қазба тәсілдері арқылы мәдени қабаттардың құрылымы және мерзімделуі айқындалды. Ортағасырлық урбанизация белгілерін жүйелеу барысында материалдық деректерді талдау тәсілдері қолданылды. Бұл өз кезегінде алынған мәліметтерді тереңірек түсіндіруге және олардың арасындағы заңдылықтарды көрсетуге мүмкіндік берді.

2.2 Зерттеу материалдары

Зерттеудің дерекнамалық базасын соңғы отыз жыл ішінде қазақстандық археологтардың зерттеу жұмыстары барысында жинақтаған материалдары құрайды. Бұл мәліметтер қатарына Маңғыстау тарихи-мәдени қорығының (Ақтау қ.), Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің (Атырау қ.), Батыс Қазақстан тарих және археология орталығының (Орал қ.) және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының қызметкерлері жүзеге асырған ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері енген. Мақалада Қазақстанның батыс өңірінде орналасқан ортағасырлық қалаларда жүргізілген қазба және барлау жұмыстарының нәтижесінде алынған материалдар талданып, олардың тарихи топографиясына сипаттама беруге көңіл бөлінді. Зерттеліп отырған ескерткіштерге құрылымдық жағынан X–XIV ғғ. мерзімделетін қалалар кіреді.

3 Қалаларды сипаттап талқылау

Бүгінгі таңда Қазақстанның батысындағы ортағасырлық қалалық мәдениет болғандығы туралы сенімді түрде айтуға жеткілікті материалдар қордаланған. Бұл бағыттағы ірі көлемдегі зерттеулер XX ғасырдың соңғы мен XXI ғасырдың басында жүргізілді. Оларға – Қызылқала, Кетікқала, Сарайшық, Ақтөбе-Лаэти және Жайық қалалары жатады [Калменов, Бижанова 2019а: 237].

Ортағасырлық қалалардың географиялық орналасуына байланысты оларды екі территориялық кластерге бөлгеніміз дұрыс: біріншісі – Маңғыстау түбегі, ал екіншісі – Жайық өзені аңғары.


Маңғыстау түбегі аумағы. Ежелгі дәуірден-ақ шығыс пен батыс арасындағы сауда-экономикалық байланыста Маңғыстау түбегі маңызды транзиттік аймақ ретінде ерекше рөл атқарған. Бұл құбылыс өз кезегінде құрлық және теңіз сауда жолдарының ерекше үйлесімін қалыптастырды. Шығыс елдерінен шыққан тауарлар Каспий теңізінің жағалауына дейін керуен жолдары арқылы жеткізіліп, ары қарай кемелермен Жайық өзені жағалауы мен Каспий теңізінің батыс жағалауына тасымалданған. Бұл орта ғасырларда Маңғыстаудың жағалауы теңіз саудасына



белсенді қатысқандығын көрсетеді, өйткені түбекте экономикалық қарым-қатынасқа ыңғайлы су айлақтары болған.

Қазіргі уақытта мамандар түбекте орналасқан бірнеше ортағасырлық қалалардың орнын анықтады.

Түбектегі көлемі жағынан ең үлкен ортағасырлық нысан – Қызылқала қаласы. Ескерткіште XX ғ. 70–80 жж. бастап археологиялық зерттеулер жүргізілген. Алғаш рет қазба жұмыстарын 1978–1984 жж. Л.Л. Галкиннің жетекшілігімен КСРО Ғылым Академиясының Еділ-Жайық археологиялық экспедициясы атқарды [ҚР ҒЖБМ ҒК АИ ҒА. 2266 іс: 23]. Бұл кезеңдегі зерттеу жұмыстары барысында екі қоныстың іргетасы, жерүсті құрылыс қалдықтарынан 8 зират, 3 қыш күйдіру пешінің орны және 100-ден астам құрылыс орны картаға түсірілген. Л.Л. Галкиннің жүргізген зерттеулері Қызылқаланың стратиграфиясы бір қабатты болғандығын, яғни қала тек X–XII ғасырларда өмір сүргенін көрсетті [ҚР ҒЖБМ ҒК АИ ҒА. 1974 іс: 18].



2-сур. Қызылқала қаласының жоспары (Жоспарды А.Е. Астафьев пен М.Д. Калменов жасады)

Рис. 2. План городища Кызылкала (План снят и выполнен А.Е. Астафьевым и М.Д. Калменовым)

Fig. 2. The plan of the Kyzylkala settlement (The plan was shot and executed by A.E. Astafyev and M.D. Kalmenov)




Қаланың аумағы 2004–2005 және 2009–2015 жылдары кеңінен зерттеліп, ескерткіштің материалдық мәдениетінен ақпарат беретін құнды мәліметтер алынды [ММТМҚА. КП–551: 82; КП–720: 73; КП–1147: 93]. Қала топографиялық жағынан Қаратау шатқалдарынан басталатын екі су арнасының бойымен солтүстіктен оңтүстікке қарай 700 м созылып жатыр, оның ені 400 м дейін жетеді. Арналар солтүстікке қарай бір-бірімен қосылып, бір арнаға айналып, оның ені 15–20 м, ал тереңдігі 5 м дейін жеткен. Шығыс арнасы (жергілікті атауы – Ақмыш бұлағы) маусымдық су бұлақтарынан толысып тұрған. Аралық аймақ солтүстік-шығысқа қарай кеңістік болып, оның биіктігі 4 м шамасында, ал батыс бөлігінде ұзындығы 140 м құрайтын қырат орналасқан [Калменов 2012: 5].

Қала жоспарда төртбұрышты пішіндегі бекініспен қоршалып, оның айналасында көптеген мекен-қоныстар (рабат) орналасқан. Қазіргі таңда бекініс қабырғасының сақталған биіктігі 4 м дейін жетіп, оның ені 1,9–2 м құрайды. Қабырғалары алғашында пахсамен тіктеліп, кейін оның сыртқы бөлігі таспен қапталған. Солтүстік-батыс қабырғаның ортасында бекіністің негізгі қақпасы орналасқан, оның екі жағында мұнаралардың қалдықтары сақталған. Бекініс қабырғасының сыртқы бөлігіндегі бұрыштарда және олардың аралықтарында мұнаралар тіктелген.

Бекіністің топографиялық жоспарын жасау кезінде оның құрылымдық элементтері анықталды. Қабырғаларының ұзындығы: солтүстік-шығыс қабырғасы – 118 м, оңтүстік-шығыс – 116 м, оңтүстік-батыс – 116 м, солтүстік-батыс – 118 м, қабырға аралық мұнаралар қабырғадан 1–1,2 м-ге шығыңқы болып, олардың орташа ені 6 м құрайды. Жердің бедері солтүстік-шығысқа қарай еңістеу болғандығы бекіністің солтүстік-батыс қабырғасының бойында анық байқалады. Осылайша, бекініс қабырғасы он екі мұнарамен нығайтылған, оның төртеуі бұрыштық, ал қалған сегізі қабырғаға жалғасқан. Тас қабырғалар пахсадан жасалған мұнаралардың сұлбасын қайталайды. Бұрыштық және қабырға мұнараларының арасы орта есеппен 30 м қашықтықта орналасқан. Бекіністің негізгі қақпасы – бұлақ арнасы жағында, солтүстік-шығыс қабырғасында орналасқан [Астафьев 2024: 155].

Көне қоныстардың аймағы (рабат) қазіргі жер бетінен табылған керамика мен күйдірілген кірпіш сынықтары, жануарлар сүйектері және басқа да заттар арқылы анық байқалады. Қаланың 2004 ж. жасалған топографиялық жоспары бойынша қоныс аймағында 200-ден астам құрылыстың іргетастары табылды. 2010–2015 жж. жүргізілген барлау жұмыстары кезінде қоныстың оңтүстік-шығыс бөлігінде тағы 20–22 құрылыстың іргетасы табылды, ал бекіністің батысында су арнасына қарсы бетінен тағы да 10-ға жуық қоныс орны белгілі болды. Сонымен қатар қоныстың оңтүстік және оңтүстік-шығыс бөлігінде жасанды бөгеттің орны анықталды. Оның ұзындығы 70 м, ені 20 м, биіктігі 2 м. Қазіргі таңда оның үш жерінен сумен шайылып бұзылғаны анық көрінеді. Біздің пікірімізше, бұл бөгет суару мақсатында салынған су қоймасын ұстап тұру үшін жасалған болуы мүмкін. 2008 ж. қазба жұмыстары кезінде қаланың солтүстік-шығыс бөлігінен темірден жасалған орақ және құмыра ішінен тұқым-дән табылды. Бұл қызылқалалықтардың егіншілікпен айналысқанының дәлелі екені сөзсіз. Бекіністің оңтүстік-шығыс бөлігінде 12 га көлемдегі аумақта жердің бетінен қызыл саздан жасалған керамика сынықтары табылған. Бұл аумақ жергілікті көшпенді тайпалардың маусымдық қысқы тұрақтары болуы мүмкін. Дәл осындай жағдай қаланың оңтүстік-батысында да анық байқалады.

Қаланың шеткі бөлігінде бірнеше зираттың орны анықталды. Бекіністің оңтүстік-шығыс бағытында мұсылман зираты 2 га жерді алып жатыр. Зиратта жерлеу орындары құрылысының іргетастары мен таспен қаланған қоршаулар сақталған. Қаланың айналасында барлығы 15 шағын зират орналасқан. Зираттағы мүрделердің жерлеу бағыты – батыс-шығыс, ал кейбіреулерінде



3-сур. Кетікқала қаласының жоспары (Жоспарды А.Е. Астафьев пен М.Д. Калменов жасады)

Рис. 3. План городища Кетиккала (План снят и выполнен А.Е. Астафьевым и М.Д. Калменовым)

Fig. 3. The plan of the Ketikkala settlement (The plan was shot and executed by A.E. Astafyev and M.D. Kalmenov)

солтүстік бағытқа ауытқу байқалады. Аталған зираттар қыраттарда немесе олардың етегінде орналасқан.

Кетікқала қаласы – Форт-Шевченко қаласынан 800 м солтүстік-шығыста орналасқан. Бұл ескерткіште КСРО Ғылым Академиясының Еділ-Жайық археологиялық экспедициясы (ЕЖАЭ) тарапынан Л.Л. Галкиннің жетекшілігімен 1983 ж. зерттеу жұмыстары жүргізілді. Ол кезеңдегі зерттеу жұмыстары нәтижесінде қазіргі жер бетінде тігінен орнатылған тас плиталар негізінде он шақты құрылыстың қалдығы тіркелген. Олардың арасынан пішіні 18×27 м құрайтын, іргетасы жақсы сақталған үлкен құрылыс қалдығы ерекшеленеді [ҚР ҒЖБМ ҒК АИ ҒА. 2019 іс: 21]. Қаланың инфрақұрылымы жартасты жоталар мен теңіз шөгінділерінен құралып, теңізге таяу төменгі жағалауда орналасқан. Ескерткіштің мәдени қабатының таралу аумағы – батыс бағытта Каспий теңізінің трансгрессия кезеңдерінде су басатын кең құмды жағажаймен шектелген (-22 м).

2008 ж. қаланың стратиграфиясын анықтау үшін археологиялық зерттеу жұмыстары ұйымдастырылды [ММТМҚА. КП–854: 96]. Зерттеу нәтижесінде қаланың 16 га аумақты алып жатқаны анықталды. Оның шекаралары керамикалық бұйым сынықтарының таралуы негізінде белгіленді. Қазіргі таңда нысанның солтүстік бөлігі құм қарьерінің жұмысы нәтижесінде толықтай



дерлік жойылып кеткен. Ескерткіштің мәдени қабаты құм үйіндісі және антропогендік құрылыс қалдықтарының салдарынан көміліп қалған. Сонымен қатар қаланың үстінен электр энергиясы желісі өтеді. Қаланың сақталған орталық бөлігі шамамен 5 га құрап, ол 4 құрылыс қабатынан тұрады. Мәдени қабаттың қалыңдығы 2 м дейін жетеді. Зерттеу жұмыстары барысында қаланың қалыптасуының алғашқы кезеңінде тұрғындар жертөлелерде тұрғандығы, кейін, уақыт өте келе өңделген тас плиталардан және шикі кірпіштерден ғимараттар тұрғызғандығы белгілі болды. Қазба жұмыстары барысында қаланың мәдени қабатынан XIV ғасырға тән материалдар (керамика, темір, мыс, қола, шыныдан жасалған бұйымдар мен тиындар) табылды. Керамикалық материалдар Хорезммен, Қытаймен, Парсы мемлекетімен сауда байланыстарының болғанын көрсетеді. Кетікқала XIV ғасырдың екінші жартысындағы Еуропа карталарында *Мелмесалах* атауымен көрсетіліп,



4-сур. Кетікқала қаласынан табылған күміс және мыс теңгелер
(Иллюстрацияны авторлар жасады)

Рис. 4. Серебряные и медные монеты, найденные на городище Кетиккала
(Иллюстрация подготовлена авторами)

Fig. 4. Silver and copper coins found in the settlement of Ketikkala
(The illustration was prepared by the authors)

Каспий теңізінің шығыс жағалауындағы ірі портты қала ретінде маңызды рөл атқарған. Қаланың зираттары орналасқан жер әлі анықталмаған.

Кетікқаладағы археологиялық зерттеу жұмыстары кезінде № 2 жертөле ішінен 70 см тереңдіктен күміс пен мыстан соғылған 8 теңге табылды. Олардың атрибуциясы 1-кестеде берілді.

Табылған теңгелер XIV ғ. қаланың көршілес елдермен белсенді сауда байланыстарын жүргізгендігін, сондай-ақ оның Каспий теңізіндегі ірі порт ретіндегі мәртебесінде болғандығын дәлелдейді [Петров, Калменов 2015: 22–28].



1-кесте – Кетікқала аумағынан табылған теңгелердің атрибуциясы
 Таблица 1 – Атрибуция монет, найденных на городище Кетиккала
 Table 1 – Attribution of coins found at the Ketikkala settlement

№1	AR, данг. Хваризм. 744 х.ж.	Жәнібек хан
№2	AR, данг. Сарай ал-Джадид. 74[6–8] х.ж.	Жәнібек хан
№3	AR, данг. Сарай ал-Джадид. [761] х.ж.	Хызыр хан
№4	AE, пул. Сарай ал-Джадид. [770-е] х.жж.	Анонимді
№5	AE, пул. Сарай ал-Джадид. [770-е] х.жж.	Анонимді. № 4 ұқсас
№6	AE, пул. Сарай ал-Джадид. [768] х.ж.	Ұлжай-Темірхан
№7	AE, пул. Хваризм. [774] х.ж.	Анонимді
№8	AE, пул.	Монетаның нашар сақталуына байланысты жазулары анықталмады

Ескерту: теңгелердің мәтінін нумизмат П.Н. Петров оқыды.

Жайық өзені аңғары. Сарайшық (Сарайжүк) қаласы. Бұл ескерткіш қазіргі кезде 100 гектардан астам аумақты қамтиды. Археологиялық зерттеу жұмыстары негізінде қала XIII–XVI ғғ. мерзімделеді. Қала Жайық өзенінің оң жағалауында, қазіргі Атырау қаласынан 55 км жерде орналасқан. Қаланың аумағындағы кең көлемді археологиялық зерттеу жұмыстары XX ғасырдың 90-жж. ортасынан осы күнге дейін жүргізіліп келе жатыр. Қаланы кешенді түрде зерттеу және нысандарды реставрациялау мақсатында 2019 ж. республикалық деңгейде ашық аспан асты музей кешені ұйымдастырылды. Өкінішке қарай, қаланың тікелей өзен жиегінде орналасуы, Жайық өзенінің маусымдық сулары жыл сайын қаланың мәдени қабаттарын шайып кетуде. 2017–2020 жж. осы мәселенің алдын алу мақсатында өзеннің жағасында темір-бетоннан тұратын бөгет құрылды.

Сарайшық қаласы көпқабатты. Мәдени қабаттың қалыптасуы көпжылдық күрделі тарихи үдеріс болып табылады. Қала бірнеше ғасыр бойы өмір сүріп, бірнеше рет гүлдену мен құлдырау кезеңдерін басынан өткізген. Тарихи кезеңдерде қала түрлі дүрбелеңдерден кейін қайта қалпына келіп, жаңғырып отырған.

Сарайшықта жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде Қазақстандағы Алтын Орда дәуірінің урбанизация үдерісінің тарихы туралы құнды мәліметтер, сонымен қатар қаланың шығыс пен батыстың ортағасырлық өркениет орталықтарымен сауда-экономикалық және мәдени байланыстарының дамуына қатысты мол материалдар алынды. Қала аумағында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде нумизматикалық материалдармен қатар тұрғындардың тұрмыстық заттары да көптеп табылды: өсімдік пен жануар бейнелерімен, араб жазуы мәтіндерімен безендірілген керамикалық бұйымдар (құмандар, хумдар, қазандар, шәйнектер, құмыралар, шамдар мен түбек, кеселер), Трапезунд пен Қырым амфораларының фрагменттері, Қытай фарфорынан жасалған тостағандардың сынықтары, сондай-ақ сүйектен, темірден және қоладан жасалған бұйымдар. Қаланың даму кезеңдерін археологиялық материалдар негізінде екі дәуірге бөлуге болады – XIII–XIV ғғ. (Алтын Орда кезеңі) және XV–XVI ғғ. (Ноғай кезеңі) [Тасмағамбетов, Самашев 2001: 35; Самашев и др. 2006: 84; 2008: 64; Плахов и др. 2021: 56]. Жоғарыда айтқанымыздай, Сарайшық қаласы орнында ашық аспан асты музей кешені ұйымдастырылып, оның қызметкерлері тарапынан жаңадан нысандар ашылып, оларды қайта қалпына келтіру (реставрация) жұмыстары қолға алынуда.



Лаэти (Ақтөбе) қаласы. Ескерткіш Атырау қаласы, Томарлы кентінің шығыс бағытында орналасқан.

Бұл археологиялық ескерткіш кейбір зерттеушілердің пікірі бойынша қолөнершілер қонысының қалдықтары болып табылады [Афанасьев 1991: 85]. Қала шамамен XIV ғ. басында Каспий теңізі суының деңгейі көтерілуі салдарынан жойылған болуы мүмкін. Қаланың мәдени қабаты соңғы жылдарға дейін ерекше жақсы сақталып, оның нысандары қазбалармен бүлінбеген, өйткені атап өткеніміздей, ескерткіш ұзақ уақыт су астында жатқан. XX ғасырға таяу табиғи және антропогендік әсерден, сонымен қатар жануарлардың таптауы, жол салу мен бау-бақша егудің салдарынан ескерткіштің нысандары бұзыла бастаған. Қаланың мәдени қабатының қалыңдығы 15 см-ден 60 см-ге дейін, сары түсті сазды құмнан тұрады, құрамында жануарлар сүйектері, металл және керамикалық бұйымдардың сынықтары кездеседі. Ескерткіштің ерекшелігі – көне қоныс құрылыстарының жоспары салыстырмалы түрде жақсы сақталған және құрылыстардың қабырғалары жер бетінде айқын көрінеді. 1960-жылдардан бастап бұл жерде М.С. Мерщиев, Л.Л. Галкин және В.К. Афанасьев сынды мамандар зерттеу жұмыстарын жүргізген [Мерщиев 1969; Афанасьев и др. 1979].

2017 ж. далалық маусымдағы зерттеу жұмыстары қаланың солтүстік бөлігінде жүргізілді. Қазба жұмыстары кезінде мәдени қабаттың құрамында тұрмыстық қалдықтар – күлдің қалдықтары, жануарлар (негізінен қой-ешкі, сонымен қатар жылқы, түйе, сиыр) мен балықтардың сүйектері және керамикалық ыдыс-аяқ сынықтары табылды. Қазба алаңының жоғарғы горизонты толық тазартылғаннан кейін барлық аумақта құрылыс қабырғаларының контурлары анықталды. Тазартылған құрылыс орындарының барлық бөлмелерінде жылыту жүйесі – кан (бөлмелерді жылыту каналдары) болғандығы белгілі болды. Сонымен қатар тазарту жұмыстары кезінде қазбаның бүкіл аумағында жасыл патинамен жабылған металл қождарының қалдықтары көптеп табылды [Калменов, Касенов 2017: 148; Калменов, Бижанова 2019б: 122].

Жайық қаласы. Ескерткіш Батыс Қазақстан облысының орталығы – Орал қаласының іргесінде орналасқан. Бұл ескерткішке алғаш рет 2002 ж. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының және облыстық тарихи-өлкетану музейінің бірлескен Орал археологиялық экспедициясы зерттеу жұмыстарын жүргізді, кейін Батыс Қазақстан тарих және археология орталығының қызметкерлері зерттеу жұмыстарын жалғастырды [Байпаков и др. 2006: 72; Калменов 2013а: 37; 2013б: 205; Калменов, Бижанова 2015: 311].

Ескерткішке 2005 жылы «Жайық» атауы берілді. Жайық қаласы төменгі Хвалын кезеңіне жататын теңіздік аккумулятивтік жазықта, Жайық өзенінің ірі жайылмалық тармағы қалыптастырған биік жағалауда орналасқан. Қазіргі таңда бұл жердегі терраса толығымен шайылып кетіп, оның іздері Жайық өзенінің бойымен жоғары және төменге қарай аңғар баурайларында ғана байқалады. Оңтүстігі мен оңтүстік-шығысынан Жайық өзені террасасының жиегі, ал қалған жағынан табиғи жыралар қаланың аумағын шектеп тұр. Құрылыстың іздері анық байқалатын аумақ шамамен 10 гектарды құрайды. Қаладан 2 км батысқа қарай, Желтау (Свистун гора) тауының басында қаланың зираты орналасқан [Байпаков и др. 2006: 87]. Археологиялық зерттеу жұмыстары барысында қаланың аумағында бірнеше тұрғын, қоғамдық және шаруашылық нысандар анықталған. Олардың қатарына кірпішті, әктасты және қыш ыдыстарды күйдіретін пештер, қала моншасы, тұрғын үйлер, қала зиратындағы кесенелер жатады [Калменов 2016: 45; Калменов, Бижанова 2022: 172].

Орта ғасырларда өмір сүрген қалалардың инфрақұрылымы туралы жазба деректерді талдау нәтижесінде Жайық қаласының аумағы қазіргі таңда сақталған құрылыс қалдықтарының шекарасымен шектелмей, едәуір үлкен болуы мүмкін деген болжам жасауымызға болады.



5-сур. Жайық қаласының жоспары ([Байпаков и др. 2006: 14, рис. 1] бойынша)

Рис. 5. План городища Жайык (по: [Байпаков и др. 2006: 14, рис. 1])

Fig. 5. The plan of the Jaiyq settlement – after – Baipakov et al. 2006: 14, Fig. 1

4 Талқылау нәтижелері

Ортағасырлық қалалар мен елді мекендер туралы мәліметтер жоғарыда атап өткеніміздей жазба және картографиялық деректерде көптеп кездеседі. Мұндай материалдардың барлығын біріктіріп, оларды талдап, қорытындылау үшін арнайы әдіс қажет сияқты, өйткені, Батыс өңірдің ортағасырлық қала мәдениеті аймақтың географиялық орны, табиғи-климаттық жағдайы, отырықшы және көшпелі этникалық топтардың тұрмыстық ерекшеліктерін естен шығармауымыз керек.



Орта ғасырлардағы Батыс Қазақстан өңірінің қалалары туралы осы күнге дейін жеткен алғашқы жазба деректер Алтын Орда дәуіріне дейінгі заманға тиесілі, бұл дәуірде оғыз мемлекеті, ал одан кейін қыпшақ бірлестігі өмір сүргенін тарихтан жақсы білеміз [Ковалевский 1956: 173].

Жайық өзені аңғарындағы қалаларға тиісті ортағасырлық деректерге тоқталайық. Ахмет Ибн Фадланның «Еділ Булгариясына саяхат/Путешествия в Волжскую Булгарию» (X ғ.) және Абу Хамид аль-Гарнатидің «Шығыс және Орталық Еуропаға саяхат/Путешествие в Восточную и Центральную Европу» (XII ғ.) еңбектерінде Батыс Қазақстаннан өткен сауда және керуен жолдары, осы жерлерде орналасқан қалалар мен елді мекендер туралы жазба деректер келтірілген [Большаков, Монгайт 1971: 340].

Араб саяхатшысы Ибн Фадлан 921–922 жж. Халифат елшілігінің құрамында Еділ Булгариясына барған. Оның жүрген жолының бір тармағы Жайық өзені жағасынан өткен. Саяхатшының жазбаларын аударған белгілі шығыстанушы А.П. Ковалевский елшіліктің жүріп өткен жолдарының картасын жасаған. Ол Жайықтың Азиядан Еуропаға, солдан оң жағалауға өтетін өткелін Шаған мен Жайық өзендерінің қиылысатын жерінде болғанын атап кеткен [Ковалевский 1956: 345]. Қазір бұл жерде Орал қаласының ескі бөлігі орналасқан.

Орта ғасырларда Еділ мен Жайық аралығын мекендеген халықтар мен араб мемлекеттері арасында қарым-қатынас болғандығын басқа да дереккөздерден білуге болады. Сол дәуірде-ақ, шығыстың географтары өңір туралы біршама мәліметтер берген. 1154 ж. араб географы ал-Идриси Руза деп аталған өзенді сипаттаған. Руза, сондай-ақ Даранд атауымен аталған өзендерді зерттеушілер – Жайық өзенімен баламалайды [Ал Идриси]. Сонымен қатар біздің тақырыбымызға тиісті деректерді Рашид-ад-Диннің, Ибн-Саидтың, Абул-Фиданың еңбектерінен кездестіруге болады. XI ғ. тұрғындардың мекендеген орындары және олардың қандай шаруашылықпен айналысқаны туралы мәліметтерді Махмұт Қашқари «Дивану лұғат-ат-түрк» еңбегінде де баяндаған [Махмуд ал-Кашғари 2005: 120].

Алтын Орда дәуірінде біршама еуропалық зерттеушілер мен саяхатшылар өздерінің жазбаларында Жайық өзені туралы мәліметтерді атап өткен. Олардың ішінде Рим Папасы Инокентий IV елшісі Джованни Плато Карпинидің (1249 ж.), Франция королі Людовик IX елшісі Гильом де Рубруктың (1253 ж.) еңбектері ерекше орын алады [Джованни дель Плато Карпини 1997]. Қырым түбегінен Жайық өзені арқылы шығысқа апаратын жол торабын «Сауданың тәжірибесі/Практика торговли» деп аталатын еңбегін де Франческо Бальдуччи Пеголотти жазған. Автор Таннан (Қырым түбегі) Сарайшыққа баратын жолының ерекшелігін, қандай тауарлар өтімді және жергілікті айналыста қандай ақша бірлігі болғандығы туралы мәліметтер жазып қалдырған [Иософат Барбаро 1971]. 1333 ж. Жайық өзенінен марокколық саяхатшы-саудагер Ибн Баттута өткен [Ибрагимов 1988: 128].

XIV ғ. Алтын Орданың гүлденген кезінде, Батыс Қазақстан өңіріне сауда қарым-қатынастарын орнату және миссионерлік жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар Қарақорымға бару мақсатында көптеген еуропалық елшілер сапар шеккен. Осындай сапарлардың арасынан Джованни Мариньоллидің (1338–1353 жж.) [После Марко Поло 1968], саудагерлер Франциско және Доминико Пициганилердің (1367 ж.) сапарларын айтсақ болады [Юрченко 2010: 60]. Олардың жазбаларында Жайық бойында бірнеше қалалардың, соның ішінде екі ірі қаланың болғандығы туралы дерек кездеседі. Католик миссионері Пасхалия 1336 ж. өз жазбасында Сарайшық қаласын белгілеп, оның солтүстігінде атсыз тағы бір қаланы белгілеген. Арадан 30 жыл өткесін Пициганилер дәл осындай екі қала туралы дерек береді, біріншісі Сарайшық, ал оның солтүстігінде атсыз тағы бір қала бейнеленген [Кушаев 1993: 133].



Ұлы Ұлыс немесе Алтын Орда территориясын түгел қамтитын, ең толық карта – жоғарыда атап өткен ағайынды көпестер Франциско және Доменико Пициганилер жасаған карта. Бұл картада Каспий жағалауындағы Лаэти қаласынан шығысқа қарай, Жайық пен Еділ өзендерінің арасында бір қала жазу арқылы белгіленген. Оның солтүстігінде атаусыз тағы бір елді мекеннің белгісі көрсетілген. Мұнаралар бейнесінің үлкендігі мен үстінде желбіреген туына қарағанда, бұл қала ірі экономикалық әрі әкімшілік орталық болғандығын дәлелдейді [Егоров 1985: 134]. Жайық өзені бойындағы алғашқы қаланы сенімді түрде Сарайшықпен сәйкестендіруге болады. Ал одан солтүстікке қарай орналасқан, аты көрсетілмеген екінші қаланы археологиялық материалдарға сүйене отырып Жайық қаласы деп жоруға болады. Қаланың атауы, бәлкім, Пициганилер жасаған картаның (1367 ж.) шамамен екі ғасырдан кейін, 1562 ж. Энтони Дженкинсон жасаған басқа танымал картада көрсетілген болуы мүмкін. Бұл картада Сарайшықтың жоғары жағында, Жайық өзенінің оң жағалауында «Shakafni» (Шакафни) атты қала кішілеу белгімен көрсетілген [Рыбаков 1974: 24–25]. Дженкинсон мен Пициганилердің карталарын салыстыра келе және соңғы жылдары мамандар тарапынан қаланың табылып, зерттелуін ескере отырып, Дженкинсонның картасындағы ірі қаланың белгіленгені туралы пікір расталады.

Джон Спидтің 1626 ж. белгіленетін «Тартарияның жаңа картасы/Новая карта Тартарии» [Speed 1631] картасында Шакашиқ қаласы берілген. Бұл карта ағылшын тарихшы картографы Ортелианың 1570 ж. жасалған картасының көшірмесі болуы мүмкін [Қусов 1978: 513–520]. Жайық өзенінің жағасында Шакафни немесе Шакашиқ атымен берілген қала 1601 ж. Антверпен қаласында Ян Кербергиус шығарған «Ресей, немесе Московия/Россия, или Московия» картасында, сонымен бірге 1608–1624 жж. шыққан Хондиустың «Азия картасы/Карта Азии» картасында кездеседі [De Jode G., De Jode C. 1593].

1635 ж. голландтық картографтар Виллем Янсон Блау мен Иоанн Блау шығарған «Блаудың Үлкен Атласы/Большой Атлас Блау» атласында Шакашиқ қаласы көрсетілген [Blaeu J. 1667].

Жоғарыда айтқанымыздай, X–XIV ғғ. саяхатшылардың, саудагерлердің және миссионерлердің шығармалары мен XVI–XVII ғғ. тиісті карталарда Еділ мен Жайық аралығында, соның ішінде Жайық өзені жағалауында бірнеше қалалар болғандығын көріп отырмыз. Бұл деректерде XIV ғ. Сарайшықтан басқа оның солтүстік бағытында, Жайық өзені бойында тағы да бір қала болғандығы тікелей аталған. Бұл қала тастан тұрғызылған ғимараттардан тұрып, қазіргі **Орал қаласының аумағында** орналасқаны сөзсіз. XVIII–XIX ғғ. орыс зерттеушілерінің еңбектері де Жайық өзені бойында орта ғасырларда қалалардың болғандығын растайды. Ең алғашқы орыс карталарының бірі болып есептелетін «Үлкен сызба/Большой Чертеж» XVI ғ. аяғында жасалып, мемлекеттің барлық аумағын бейнелеген. Уақыт өте бұл карта жарамсыз болғасын, түсініктемесін қоса жаңа сызба жасауға шешім қабылданды. Осылай «Үлкен сызба кітабы/Книга Большому Чертежу» картасы пайда болды [Книга Большому Чертежу 1950]. Бұл туындының өзі бізге жетпеген, бірақ бірнеше тізімнен тұратын түсініктемесі жеткен. Оның ішінде Жайық өзенінің орта және төменгі ағысындағы географиялық нүктелер туралы мәліметтер жазылған. Карта және оның түсініктемесі ішінде қателіктері мен кемшіліктері жеткілікті, оның үстіне, әр жылдары түпнұсқасынан көптеген көшірмелер алынып жаңадан қателіктер енгізілген. Мысалы, Каспийдің солтүстік және шығыс жағалаулары белгісіз жерлер санатына кіргізілген. Бір картада Жайық өзені көптеген тармақты ірі өзен болса, ал басқасында кішігірім өзен ретінде берілген. Картада қазір бізге белгісіз Ризань қаласы бейнеленген, ал оның солтүстігінде Шакашиқ орналасқан. Сондай-ақ сол уақытқа келіп қираған Сарайшық та берілген [Осипов 2016: 78].



Аврил тарапынан 1692 ж. дайындалып жарық көрген картада қазіргі Орал қаласы орнында Меджет деп аталған мекен бейнеленген, ал Жайық пен Елек өзендерінің құйылысында Солянский деген орын берілген. Түсініктемеде былай жазылған, «Жайықтың оң жағалауында Ноғай мен Алтын Орда, ал сол жағында Қалмақтар», ал *казактар* туралы ешқандай мәлімет жоқ. Дәл осындай деректі 1700 ж. жарық көрген француз астрономы Делилдің картасынан да көреміз [Красникова 2012: 155–162].

П.И. Рычковтың 1748 жылғы «Орынбор губерниясының топографиясы/Топография Оренбургской губернии» еңбегінде Жайық өзені бойында бірнеше қалалар өмір сүргендігі туралы мәліметтер беріледі. Автор бұл өңірде дамыған қалалар жүйесі туралы жазған. «Олардың ғимараттары күйдірілген кірпіштен тұрғызылып, олар өзендерге жақын орналасқан ирригация жүйесіне ие, ал діни-ғибадаттық орындарының сипаты шығыс типтегі қалалар екенін дәлелдейді», – деп атап өткен [Рычков 1999: 193–194]. Қалалар бір-біріне жақын орналасып, арақашықтығы бір немесе екі күндік жолды құраған. Сонымен қатар Ресей зерттеушілерінің арасынан П.С. Палласты атап өткеніміз орынды. Ол сапармен өңірде үш рет болған. Сапар кезінде Атыраудан (Гурьев) Оралға дейін жүріп, Жайық өзенін бойлап, Бөкей Ордасын зерттеген. П.С. Паллас өз еңбегінде кездестірген екі қалашық туралы жазған. Біріншісі Жайық бойында орналасқан ежелгі бекініс туралы: «Киндели форпостынан 12 верст қашықтықта, Киндели өзені құйылысында жайласқан. Бекініс гректің П әріпі сияқты екі қатарлы болып жағаның оңтүстік бөлігінде оры мен үйіндісі болған. Бекініс ішінде құрылыстар сақталмаған», – деп жазған. Кездестірген екінші қалашықтың қалдықтары Үлкен және Кіші Өзен аралығында болған. Бұл жерде П.С. Паллас тереңдігі бірнеше футтан тұратын көптеген арықтардың іздерін, үйлердің қалдықтары мен топырақ үйінділерді көріп, осы жерде бір кездері қала болған деген шешімге келген. Тұжырымдап айтқанда, П.С. Паллас, оған дейінгі басқа зерттеушілер сияқты Жайық өзені жағасында көптеген тарихи ескерткіштерді атап өткен. Ол ескерткіштерді қала мәдениетінің жәдігерлері деп түсіндірген [Паллас 2007: 65–70].

Жоғарыдағы жазба және картографиялық деректерде *Шакафни*, *Шакашик* деген атпен ірі қаланың аты алғаш рет Э. Дженкинсонның картасында берілген. Қандай да бір өзге жұрттың адамы жергілікті халық тіліндегі сөзі мен атауларын бұрмалауын тарихта көптеген мысалдармен келтіруге болады. Мүмкін ол мәліметті алып тұрған кезінде дұрыс естімеуі, әлде түсінбегені немесе жазбаша әріптердің сай келмеуіне байланысты бұрмалануы мүмкін. Қазіргі кезде, *Шаган* деген топономика сақталған. Лингвистикалық заңдылықтарға сүйенсек *Шакафни* немесе *Шакашик* атауының түбірі – *Шаган* екеніне ешқандай күмән жоқ.

Жайық қаласы аумағында қазба жұмыстары кезінде ешқандай шайқас пен соғыстың ізі байқалмайды, тек темірден жасалған үш жебе табылды, ал архитектуралық құрылыстар мүлдем бұзылмаған, тек жаңа дәуірде құрылыс материалдарының басым көпшілігін қопарып алып кеткен, қазба алаңынан тек бір мыс теңге табылды – бұдан қала тұрғындарының өз еркімен бұл жерден көшіп кеткендігін болжауға болады. Жоғарыда айтылғандай, қала территориясын оңтүстіктен және оңтүстік-шығыстан Жайық өзені террасасының баурайы шектейді, оның қашықтығы 1–1,5 км, ал солтүстік-батысына қарай Желтау (Свистун гора) орналасқан, оның теңіз деңгейінен абсолюттік биіктігі 82 м, бұл табиғи бөгет ретінде орналасқан. Ортағасырлық жазба деректерде Жайық өзені көктемгі тасу мезгілінде «құтырған» екенін білеміз (Ибн Баттута, Ибн Фадлан). Сонымен қатар XX ғ. 70–80 жж. Су мәселелері институтының қызметкерлері А.Н. Варуценконың басшылығымен палеокезеңнен бастап орта ғасырларға дейінгі Каспий теңізінің трансгрессиясы мен регрессиясы зерттелген [Варуценко и др. 1987: 238]. Оның қорытындысында, XV ғ. Жайық өзені деңгейі өте



жоғары көтерілгенін байқаймыз. Бұл қорытындылар Жайық қаласының тұрғындары өзеннің су басуынан қауіптеніп, 7–8 км солтүстік бағытқа қарай қоныс аударған деп болжауға келеді.

Қазіргі Орал қаласы аумағында орта ғасырларда қаланың болғандығына бірнеше дәлелдерді атап өткеніміз орынды. Мысалы, 1990 ж. жергілікті өлкетанушы И. Смирнов Орал қаласының «татарская слобода» аумағынан қыш күйдіретін пештің қалдығы мен квадрат пішінді күйдірілген кірпіштер тапқан, сонымен қатар сол жылдары және бір өлкетанушы А. Курлапов Михаил Архангел шіркеуі аумағынан Алтын Орда дәуіріне тиісті күйдірілген кірпіштер тапқан [Қушаев 1993: 134]. Өкінішке қарай, бұл артефактілерге ғылыми тұрғыда зерттеліп, баға берілмеген.

Кеңестік заманда Орал қаласының негізін 1613 жылы казактар салған деген тұжырым қалыптасып кеткен. Бұндай санның қайдан шыққанын нақты ешкім ғылыми тұрғыда негіздемейді. Осы 1613 ж. қалай пайда болды деген сұраққа мына құжаттар дәлел – 1962 ж. Орал қаласының бірнеше тұрғыны Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық комитеті атына қаланың 350 жылдығын атап өтуге хат жолдаған деген болжамдар бар. Ал 1963 ж. 30 сәуірде Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің № 284 «Об ознаменовании юбилея 350-летия города Уральска» Қаулысы шықты. Бұл құжатта былай жазылған «1. Принять предложение Западно-Казахстанского крайкома и крайисполкома о проведении юбилея в связи с 350 летием города Уральска». Көріп отырғанымыздай, Орал қаласының іргетасы 1613 жылы салынды деген тұжырым ешқандай ғылыми қорытындысыз, осы құжаттың негізінде қабылданған [Орал қаласының тарихы 2021: 11].

Маңғыстау түбегінің ортағасырлық қалалары туралы деректерді талдап көрейік. Өңірдің ортағасырлық тарихына көз жүгіртетін болсақ, Түркі кезеңінде Х ғасырға таман Ұлы Хорезмшахтар мемлекетінің аумағында қалалардың күрт өсуі байқалады. Бұл құбылыс С.П. Толстовтың пікірінше, «елдің жалпы экономикалық өрлеуі, сауда байланыстардың нығаюы мен кеңеюі, Хорезм қалалық өркениетінің айналасындағы далалар және алыс елдермен қарым-қатынастары дамуының маңызды көріністерінің бірі болып табылады... Хорезмдік саудагерлердің қызмет көрсеткен мекендері, біріншіден, қазіргі Түрікменстан мен Батыс Қазақстанның далалары, екіншіден, Еділ бойы – Хазария мен Болгария, әрі қарай Шығыс Еуропаның славян әлемі» [Толстов 1948: 242–243].

Орта ғасырларда Шығыс Еуропамен сауда операцияларының нәтижесінде Үргеніш қаласы Хорезмшахтар мемлекетінің қуатты орталығына айналған. Оның трансконтинентальды керуен жолдарының торабында орналасқаны өте маңызды рөл атқарған. Бұл жолдар Үстірт жазығы арқылы батысқа, Маңғыстау жағалауларына және солтүстік-батысқа, Еділдің орта жағалауына қарай бағытталған. Хорезмшахтардың бұл кезеңдегі Еділ бойындағы белсенді сыртқы саясаты ең алдымен сауда саласында үстемдік етуге бағытталды [Қалменов 2013в: 17]. Мұндай саясаттың нәтижесінде Х ғасырдың басында Хазария астанасы Итил қаласында ірі хорезмдік колония пайда болды. М.И. Артамоновтың пікірінше, Хазарияның күйреуі – исламдық Хорезм мен христиандық Киев Русі арасындағы Еділ өңірі үшін күрестің қорытындысы болды, өйткені бұл өңір сауда жолдарының маңызды қиылысында орналасқан еді [Артамонов 1962: 434]. Киевтің Ұлы князы Святославтың Хазария астанасы Итилді талқандағаннан кейін (968/969 ж.) хазарлардың көпшілігі Дербент пен Маңғыстауға қарай қашқандығы туралы жазба дерек кездеседі. Бұл туралы Х ғ. араб географы Ибн-Хаукал былай жазған: «Рустар (Рус) осының бәрін қиратты және хазарларға, бұлғарларға және бургас халқына тиесілі заттарды тонап алды. Рустар бұл елді иеленіп алды, ал Итил тұрғындары Баб-ал-Абваб аралына қашып барып бекінді, ал кейбіреулері Сиякух аралында қоныстанды» [Бартольд 1963: 35]. Баб-ал-Абваб қазіргі Дағыстан жері, ал Сиякух Маңғыстау түбегі.



Хазарлықтар талқандалғаннан кейін аман қалғандары Еділ өзені арқылы Каспий теңізінің шығыс және батыс жағалауына қашқан деп тұжырымдауға болады.

Үстірт пен Маңғыстаудың ортағасырлық тарихына тікелей қатысты Түркі кезеңімен байланысты маңызды екі тарихи дерек бар. X ғ. өмір сүрген Мукаддаси (әл-Мақдиси) өз еңбегінде Джурджан (Үргеніш) шекарасындағы хазарлар туралы мәлімет бере отырып, **Бинқишлах** атты қаланы атайды [Бартольд 1965: 479]. Хорезмдік ғалым-энциклопедист Абу Райхан әл-Бируни (973–1050 жж.) бұл қала туралы нақтылап жазады: «**Бинқишлак** тауы, оғыздардың порты. Ұзындығы: градус – 77, минут – 0. Ені: градус – 40, минут – 0. Облыстар мен мемлекеттер: хазарлар» [Абу Райхан Бируни 1973: 470]. Әл-Бирунидің оғыздардың порты туралы айтқандығы Каспий теңізінің жағалауында сауда қонысының болғанын білдіреді, бұл өз кезегінде Истахридің Маңғыстау жағалауында теңіз сауда байланыстары Түркі кезеңінде (Кетікқала қаласы) болған деген мәліметімен үйлеседі. Алайда Кетікқала қаласынан алынған археологиялық материалдар Алтын Орда кезеңімен шектеледі.

Жоғарыда айтқанымыздай, Хорезмшахтар мемлекетінің Еділ бойындағы белсенді сыртқы саясатының нәтижесінде Қызылқала және Кетікқала қалалары сауда жолының бойында пайда болған деген пікірді айта кеткеніміз орынды. Өйткені археологиялық материалдар Қызылқаланың негізі қаланған уақыты X ғ. екінші жартысы екендігін дәлелдеп отыр, мүмкін осы кезеңде бұған дейін хазарлардың иелігінде болған Маңғыстау аймағы (Масуди), Хорезмнің қол астына өткен болуы мүмкін.

Қызылқала қаласының топографиялық жоспарын жасаған кезде тұрғын үйлер әртүрлі бағытта тұрғызылғаны және олар бірнеше кварталдық кешендерге біріктірілгендігі анықталды. Бұл кварталдар мамандандырылған топтарға (мысалы, колонершілер немесе саудагерлер) немесе этникалық және діни топтар негізінде біріктірілген болуы мүмкін, себебі X–XII ғғ. хазарлардың Итилі мен хорезмдік Үргеніштің тұрғындары туралы тарихи деректерді салыстыра отырып, олардың сауда қалалары көпұлтты, әрі көпконфессионалды орталықтар болған деген пікір айтуға болады.

Қызылқала ескерткішінің Маңғыстау өңіріндегі ғылымға белгілі керуен жолдарынан шет орналасуы – таңғаларлық жайт, себебі, трансконтинентальды жолдар Қызылқаланың оңтүстік-батысынан өтіп, Түпқараған түбегі жағалауына шыққан. Бұл жолдар туралы біршама дәрежеде егжей-тегжейлі сипаттап, карталарын жасаған орыс топографтарының зерттеулерінен білеміз. Алайда 1873 ж. полковник Ломакин жасаған Хиуаға баратын өз заманының ең толық жол сипаттамасында Қызылқала арқылы өтетін жол көрсетілмеген [Ломакин 1873: 78], тек 1902 ж. есаул Ливкин жасаған Каспий теңізінің шығыс жағалауы картасында ғана Керт құдығынан (қазіргі Шетпе кенті) қираған бекініс (Қызылқала?), Торыш құдығы, Төбекұдық жайлауы, Емдіқорған тауы арқылы Қошақ шығанағының жағалауына дейін баратын жол көрсетілген. Осы шығанақтың оңтүстік-шығыс бұрышында «Ескі Маңғыстау» (Маңғышлақ) атты айлақ белгіленген [Ливкин 1902: 72–74]. Аталған топонимдер аздап өзгеріске ұшырағанымен, қазіргі кезде бұл атаулар сақталған. Алғашында талдау жұмыстары кезінде бұл маршрут схемасы жұмбақтың шешімі сияқты көрінді: Маңғыстау (Маңғышлақ) қаласы ең ыңғайлы әрі қысқа керуен жолының бойында, табиғи тұрғыда ең қолайлы, мол тұщы сумен қамтамасыз етілген жерде орналасқан деп ойладық. Енді тек керуендер теңіз жағасына нақты қай тұсқа келгенін, сауда кемелері аялдай алатын ыңғайлы жағалаудың қайда болғанын анықтау керек болды. Осы тұрғыда Ливкиннің картасы бұл жұмбағымызды тамаша шешіп берді: Қошақ жағалауына апаратын жолды және «Ескі Маңғыстау» (Маңғышлақ) айлағын картада анық көрсеткен. Алайда Каспий теңізінің жағалау сызығы өте тұрақсыз, себебі оның деңгейі мезгіл-



меңгілмен өзгеріп тұрған. Жоғарыда атап өткеніміздей, кеңестік кезеңде бұл мәселені жан-жақты зерттеген – С.И. Варушенко жетекшілік еткен Су проблемалары институтының мамандары болды [Варушенко и др. 1987: 91]. Олардың зерттеу қорытындысы бойынша соңғы 2–3 млн жылдағы Каспий теңізі су деңгейінің трансгрессиясы мен регрессиясы бойынша кестелер жасаған. Оның ішінде ең нақты теңіз жағалауының өзгеруі жөніндегі мәліметтер соңғы мыңжылдыққа қатысты. Бұл қорытынды Азия мен Еуропа географтарының, саяхатшылары мен табиғат зерттеушілерінің жазба мәліметтерінен, Каспий теңізінің карталарынан және археологиялық зерттеулерге негізделіп жасалған. Каспий теңізінің деңгейлік белгілері бүгінде Кронштадт футштогының нөлдік деңгейімен сәйкестендіріліп, қазіргі деңгейі –27,2 метр болып есептеледі. Ал V ғ. ортасынан XIV ғ. басына дейін Каспий теңізі регрессивті күйде болған, яғни деңгейі ең төменгі – 34 метрге дейін түскен. Теңіздің осындай төмен деңгейі кезінде Солтүстік Каспийдің жағалау сызығы қатты өзгеріске ұшыраған. Солтүстік бөлігінің таяздығына байланысты теңіздің бұл бөлігі құрлыққа айналып, жағалау Бозашы түбегінің ендігінде қалыптасқан. Еділ өзені өзінің атырауынан 100 км астам алыстаса, Жайық өзені Каспийдің солтүстік-шығысында теңіз арналары арқылы жалғасқан ауқымды тұщы көл қалыптастырған. Бұл көл теңізден ені 50 км жететін жалпақ өткел-мойнақпен бөлінген. Зерттеушілер бұл мойнақты әр тарихи кезеңде Бозашы түбегі мен Астрахан жағалауын жалғаған «көпір» деп атайды. Мамандар бұл «көпір» VI ғ. бастап пайдаланылған деп болжам жасайды, өз кезегінде бұл Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағының пайда болу кезеңіне сәйкес келеді. Алайда бұл өткелдің сауда керуендері үшін беделді түрде пайдаланылуын, Қаратаудағы сауда қонысының қалыптасуымен байланыстыруға болады.

5 Қорытынды

Қазақстанның Батыс өңіріндегі ортағасырлық қала мәдениеті туралы ой-пікірлерімізді қорытындылай келе, жазба деректер мен археологиялық мәліметтердің симбиоз жиынтығы аймақтың тарихи топографиясын, қоныстану тарихы мен қалалық мәдениеттің дамуын сипаттауға негіз болады.

Өңірдегі ортағасырлық қалалық мәдениеттің қалыптасуына және урбанизацияның дамуына отырықшы тайпалармен бірге көшпенділер де белсенді түрде қатысқан. Сонымен қатар бұл тайпалардың этникалық құрамы біртекті немесе орта ғасырлардағы мемлекеттік құрылымдар шеңберінде біріккен тайпалар болған сияқты. Отырықшы және көшпелі мәдениеттердің синтезі өңірдің тұрғындары қалыптастырған өркениеттің жетістіктері болып табылады. Жүргізілген зерттеу жұмыстары өңірде археологиялық ескерткіштердің молдығы және типологиялық алуан түрлілігін көрсетті. Қазақстанның Батыс өңірі ерекше тарихи-мәдени ареал ретінде жүйелі археологиялық зерттеулерді әрі қарай кешенді жүргізудің ғылыми маңызы зор.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Абу Райхан Бируни. Избранные произведения. Т. 5. Канон Мас'уда. Ч. 1. Кн. 1–5 / Вступ. статья, пер. и примеч. П.Г. Булгакова и Б.А. Розенфельда. Ташкент: АН УэССР, 1973. 647 с
- 2 Ал Идриси. Развлечение истомленного в странствии по областям. Извлечение из «Нузхат ал-муштах фи хтирак ал-афак» или «Китаб Роджер» по рукописи Ленинградской публичной библиотеки им. М.Е. Салтыкова-Шедрина. Ар. н. с. 176, с привлечением перевода Р.А. Jaubert (Geographie d'Edrisi, Paris, 1836-1840). URL: vostlit.info/Texts/rus17/Idrisi/text16.phtml (дата обращения: 16.03.2026).
- 3 Артамонов М.И. История хазар. Л.: Гос. Эрмитаж, 1962. 523 с.
- 4 Астафьев А.Е. Строительная история средневекового городища Кызылкала (Мангистау) и проблемы ее хронологии // Археология Казахстана (Қазақстан археологиясы). 2024. № 3 (25). С. 151–174.



- 5 *Афанасьев В.К.* Отчёт о работе Гурьевского археологического отряда на поселении Актобе–Лаэти в 1991 г. // Архив Атырауского областного историко–краеведческого музея.
- 6 *Афанасьев В.К., Бисенов С.Б., Галкин Л.Л.* Исследование Золотоордынского города Лаэти // АО–1977. / Отв. ред. Б.А. Рыбаков. М.: Наука, 1978. С. 511.
- 7 *Байпаков К.М., Смагулов Е., Ахатов Г.* Городище Жайык. Алматы. Credo, 2006. 222 с.
- 8 *Бартольд В.В.* Общие работы по истории Средней Азии. Работы по истории Кавказа и Восточной Европы. Предисл. В.Ромодина. Сочинения в V т. Т. II, ч. 1. М.: Вост. лит., 1963. 1024 с.
- 9 *Бартольд В.В.* К истории орошения Туркестана / Предисл. В. Ромодина. Сочинения. Т. III. Работы по исторической географии. М.: Изд-во Вост. лит., 1965. 711 с.
- 10 *Большаков О.Г., Монгайт А.Л.* Путешествие Абу Хамида ал–Гарнати в Восточную и Центральную Европу (1131–1153 гг.). М.: Наука, 1971. 134 с.
- 11 *Варущенко А.Н., Варущенко С.И., Клиге Р.К.* Изменение режима Каспийского моря и бессточных водоемов в палеовремени. М.: Наука, 1987. 234 с.
- 12 *Джованни дель Плано Карпини.* История монгалов. Гильом де Рубрук. Путешествия в восточные страны. Книга Марко Поло / Перевод И.М. Минаев. Вступ. ст., коммент. М.Б. Горнунга. М.: Мысль. 1997. 275 с.
- 13 *Егоров В.Л.* Историческая география Золотой Орды в XIII–XIV вв. М.: Наука, 1985. 248 с.
- 14 *Ибрагимов Н.* Ибн Баттута и его путешествия по Средней Азии. М.: Наука, 1988. 106 с.
- 15 *Иософат Барбаро.* Путешествие в Тану. Барбаро и Контарини о России / Подгот. текста, пер. и коммент. Е.Ч. Скржинской. Л.: Наука, 1971. 161 с.
- 16 *Калменов М.Д.* Археологические аспекты планировки и территориальных границ средневекового городища Кызылкала // Вестник Челябинского гос. унив-та. 2012. № 16 (270). История. Вып. 51. С. 5–7.
- 17 *Калменов М.Д.* Объекты строительства на городище Жайык (XIII–XIV вв.) // Вестник МИЦАИ. Самарканд, 2013а. № 18. С. 37–45.
- 18 *Калменов М.Д.* Кирпичеобжигательная печь с городища Жайык // Поволжская археология. 2013б. № 4 (6). С. 205–214.
- 19 *Калменов М.Д.* Археологические памятники Устюрта и Мангистау на средневековых караванных путях (X–XIV вв.): автореф. дис. ... канд. ист. наук. Казань, 2013в. 27 с.
- 20 *Калменов М.Д.* Жайық қалашығы – ортағасырлық қала мәдениетінің ескерткіші (2012–2015 жылдарда жүргізілген археологиялық жұмыстардың нәтижелері). Городище Жайык – памятник средневековой городской культуры (по результатам археологических изысканий 2012–2015 гг.). Орал: Полиграфсервис, 2016. 101 с.
- 21 *Калменов М.Д.* Средневековые памятники Устюрта и Мангистау на караванных путях (X–XIV вв.) / Материалы и исследования по археологии Казахстана. Т. 16. Алматы: ИА КН МНВО РК, 2023. 168 с.
- 22 *Калменов М.Д., Бижанова А.Е.* Об одном погребении, найденном на городище Жайык // Этнические взаимодействия на Урале: сб. материалов Междунар. науч. конф. (г. Челябинск, 28 сентября–2 октября 2015 г.) / Отв. ред. А.Д. Таиров. Челябинск, 2015. С. 311–313.
- 23 *Калменов М.Д., Бижанова А.Е.* Топография и хронология средневековых поселений Западных регионов Казахстана // Генуэзская Газария и Золотая Орда. Т. II. Памяти Г.А. Федорова-Давыдова / Под ред. С.Г. Бочарова и А.Г. Ситдикова. Казань, Кишинев, 2019а. С. 237–261.
- 24 *Калменов М.Д., Бижанова А.Е.* Городище Актобе–Лаэти // История и археология Приаралья / Отв. ред. Т.Ш. Ширинов. 2019б. № 1 (79) С. 122–131.
- 25 *Калменов М.Д., Бижанова А.Е.* Материальная культура городища Жайык (по результатам археологических исследований 2012–2015 гг.) // Археология Евразийских степей. 2022. № 1 (22). С. 172–182.
- 26 *Калменов М.Д., Касенов М.С.* Археологические изыскания на городище Актобе–Лаэти (Предварительное сообщение по результатам работ 2017 г.) // Путешествие Ибн Батуты по Шелковому пути: продвигая диалог между культурами: м-лы Международной научно-практической конференции / Отв. ред. Г.К. Кайыргалиева. Атырау: Атырауский гос. ун-т им. Х. Досмухамедова, 2017. С. 59–63.
- 27 Книга Большому Чертежу. Под ред. К.Н. Сербиной. М., Л.: АН СССР, 1950. 232 с.
- 28 *Ковалевский А.П.* Книга Ахмеда Ибн Фадлана о его путешествии на Волгу в 921–922 гг. Статьи, переводы и комментарии. Харьков: Харьковский гос. ун-т им. А.М. Горького, 1956. 347 с.



- 29 ҚР ҒЖБМ ҒК АИ ҒА. 1974 іс: *Галкин Л.Л.* Отчет о работах Волго-Уральской экспедиции ИА АН СССР в Мангышлакской области КазССР в 1982 г.
- 30 ҚР ҒЖБМ ҒК АИ ҒА. 2019 іс: *Галкин Л.Л.* Отчет о работе Волго-Уральской экспедиции в Северо-Восточном Прикаспии в 1983 г.
- 31 ҚР ҒЖБМ ҒК АИ ҒА. 2266 іс: *Галкин Л.Л.* Сводный Отчет Устюртского (Байтинского) отряда Западно-Казахстанской археологической экспедиции о работах в 1989 г.
- 32 Красникова О.А. О карте Китая, присланной Петру I императором Кам-хи // Пятое Международные исторические и Свято-Иннокентьевские чтения: м-лы к 270-летию выхода России к берегам Америки и начала освоения Тихого океана (1741–2011) (г. Петропавловск-Камчатский, 19–20 октября 2011) / Отв. за вып. Б.С. Иванова. Петропавловск-Камчатский, 2012. С. 54–69.
- 33 *Кусов В.С.* Картографические труды Ортелиа: (К 450-летию со дня рождения) // Известия ВГО. 1978. Вып. 6. С. 513–520.
- 34 *Кушаев Г.А.* Этюды древней истории степного Приуралья. Уральск: Диалог, 1993. 171 с.
- 35 *Ливкин Д.И.* Рыболовство и тюлений промысел на восточном побережье Каспийского моря: Отчет его высокопревосходительству господину воен. Министру по командировке есаула Урал. казачьего войска Д. Ливкина. СПб.: тип. В.Ф. Киршбаума, 1902. 364 с.
- 36 *Ломакин Н.* О полуострове Мангышлак и путях оттуда в разные пункты Закаспийского края. Записки Кавказского отдела ИРГО. Кн. 8. Изданная под ред. правителя дел отдела Д.И. Коваленского. Тифлис: Типография Главного Управления Наместника Кавказского и Меликова К., 1873. С. 18–42.
- 37 *Махмуд ал-Кашгари.* Диван Лугат ат Турк / Перевод, предисловие и комментарии З.-А.М. Ауэзовой. Индексы составлены Р. Эрмерсом. Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 1288 с.
- 38 *Мерциев М.С.* Поселение XIII–XV веков в Западном Казахстане // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана / Отв. ред. К.А. Акишев. Алма-Ата: Наука, 1969. С. 153–161.
- 39 ММТМҚА. КП–551: *Астафьев А.Е.* Отчет по археологическому исследованию средневекового городища Кызылкала, расположенного на территории Мангистауской области в 2004 г.
- 40 ММТМҚА. КП–720: *Астафьев А.Е.* Отчет Мангистауского отряда Западно-Казахстанской археологической экспедиции Института археологии им. А.Х. Маргулана МОН РК о проведении археологических исследований на территории Мангистауской области в 2005 г.
- 41 ММТМҚА. КП–854: *Астафьев А.Е.* Отчет о проведении археологических исследований на земельных участках, отводимых под новые застройки на территории Форт-Шевченко и поселков Аташ и Баутино в 2008 г.
- 42 ММТМҚА. КП–1147: *Астафьев А.Е.* Отчет о проведении археологических исследований средневекового городища Кызылкала (X–XIII вв.) в 2010 г.
- 43 Орал қаласының тарихы. История города Уральск. Ред. совет. Рысбеков Т.З. и др., ред. колл.: Рысбеков Т.З. Калменов М.Д., Курманалин С.Б., Байбулсинова А.С., ..., Рысбекова С.Т. Алматы: Liber, 2021. 416 с.
- 44 *Осинов И.А.* Рисунки в сочинениях иностранных писателей о Московии XVII века: заимствования, интерпретации, фантазии // История и культура российского Севера в исследовательском, образовательном и просветительском измерениях: Материалы I Съезда историков Республики Коми (31 марта–4 апреля 2015) / Науч. ред. и состав: И.Л. Жеребцов и др. Ч. 2. Сыктывкар: Ин-т языка, литературы и истории Коми Научного центра УрО РАН, 2016. С. 98–131.
- 45 *Паллас П.С.* Путешествие по разным местам Российского государства по повелению Санкт-Петербургской Императорской Академии наук: в 3 ч.: в 5 кн. Репринтное издание 1773–1778 гг. СПб.: Альфарет, 2007. 108 с.
- 46 *Петров П.Н., Калменов М.Д.* Сведения о находках джучидских монет на городищах Кетик-Кала и Кызыл-Кала в Казахстане // Нумизматика Золотой Орды. 2015. № 5. С. 22–24.
- 47 *Плахов В.В., Калменов М.Д., Кобланов М.* Некоторые результаты археологического исследования на городище Сарайшык в 2019 году // Маргулановские чтения–2021 (Марғұлан оқулары). В 3-х т. Т. 2. Алматы: ИА, 2021. С. 56–61.
- 48 После Марко Поло. Путешествия западных чужеземцев в страны трех Индий. М.: Наука, 1968. 242 с.
- 49 *Рыбаков Б.А.* Русские карты Московии XV – нач. XVI вв. М.: Наука, 1974. 111 с.



- 50 Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. Уфа: Китап, 1999. 312 с.
- 51 Самашев З., Бурнашева Р., Базылхан Н., Плахов В. Сарайшық тиындары. Алматы: Археология, 2006. 184 б.
- 52 Самашев З., Кузнецова О., Плахов В. Керамика Сарайчика. Алматы: Археология, 2008. 264 с.
- 53 Тасмагамбетов И., Самашев З. Сарайшық. Алматы: ОФ «Берел», 2001. 320 с.
- 54 Толстов С.П. По следам следов древнехорезмийской цивилизации. М., Л.: АН СССР, 1948. 326 с.
- 55 Юрченко А.Г. Каталонский атлас 1375 года: коды и символы // Степи Европы в эпоху средневековья. Золотоордынское время / Гл. ред. А.В. Евлевский. Т. 8. Донецк: ДонГУ, 2010. С. 57–96.
- 56 Blaeu J. Le Grand atlas, ou Cosmographie Blaviane, en laquelle est exactement descrite la terre, la mer et le ciel. Jean Blaeu. Amsterdam: Chez Jean Blaeu, MDCLXVII [1667]. 12 vol.: ill., kart.; krup. folio. URL: <https://collections.britishart.yale.edu/catalog/alma%3A99126050963408651> (accessed: 16.03.2026).
- 57 De Jode G., De Jode C. Speculum orbis terrae. Gerard de Jode, Cornelis de Jode. Antwerpiae: Arnout Cornix pro vidua et haeredibus Gerardi de Jode, 1593. Atlas (2 chasti v 1 t.), karty, gravyury. URL: https://en.wikipedia.org/wiki/Speculum_Orbis_Terrae (accessed: 16.03.2026).
- 58 Speed J. A Prospect of the Most Famous Parts of the World: Viz. Asia, Affrica, Europe, America, with... Grecia, Roman Empire, Germanie, Bohemia, France, Belgia, Spaine, Italie, Hungarie, Denmarke, Poland, Persia... Together with... Great Brittaines Empire. John Speed. London: Printed by John Dawson for George Humble, 1631. Atlas, gravyury i oforty. URL: <https://www.metmuseum.org/art/collection/search/336314> (accessed: 16.03.2026).

REFERENCES

- 1 Abu Raykhan, Biruni. 1973. *Izbrannye proizvedeniya. Kanon Masuda (kn. 1–5) (Selected works. Canon of Mas'ud (Books 1–5))*. Tashkent: Uzbek SSR Academy of Sciences (in Russian).
- 2 Al Idrisi. *Razvlechenie istomlennogo v stranstvii po oblastyam. Izvlechenie iz "Nuzkhat al-mushtah fi htirak al-afak" ili "Kitab Rodzher" po rukopisi Leningradskoj publichnoj biblioteki im. M.E. Saltykova-Shchedrina*. Ar. n. s. 176, s privlecheniem perevoda P.A. Jaubert (Geographie d'Edrisi, Paris, 1836–1840) (in Russian). URL: vostlit.info/Texts/rus17/Idrisi/text16.phtml (accessed: 16.03.2026).
- 3 Artamonov, M. I. 1962. *Istoriya khazar (History of the Khazars)*. Leningrad: The State Hermitage Museum (in Russian).
- 4 Astafyev, A. E. 2024. In *Kazakstan arheologiasy (Kazakhstan Archeology)* 3(25), 151–174 (in Russian).
- 5 Afanasyev, V. K. 1991. *Otchet o rabote Guryevskogo arheologicheskogo otryada (Report on the work of the Guryev archaeological team)*. In: Archive of the Atyrau Museum of Local History (in Russian).
- 6 Afanasyev, V. K., Bisenov, S. B., Galkin, L.L. 1979. In: Rybakov, B. A. (ed.). *Arkheologicheskie otkrytiya 1977 (Archaeological discoveries of 1977)*. Moscow: "Nauka" Publ., 511 (in Russian).
- 7 Baipakov, K. M., Smagulov, E., Akhatov, G. 2006. *Gorodishche Zhayyk (Zhayyk Settlement)*. Almaty: "Credo" Publ. (in Russian).
- 8 Bartold, V.V. 1963. *Obshchiye raboty po istorii Sredney Azii. Raboty po istorii Kavkaza i Vostochnoy Yevropy. (General works on the history of Central Asia. Works on the history of the Caucasus and Eastern Europe)*. In 5 vol. Vol. 2, part 1. Moscow: "Vostochnaya literature" Publ. (in Russian).
- 9 Bartold, V. V. 1965. *K istorii orosheniya Turkestana (On the history of irrigation in Turkistan)*. Vol. 3. Moscow: "Vostochnaya literature" Publ. (in Russian).
- 10 Bolshakov, O. G., Mongait, A. L. 1971. *Puteshestviye Abu Khamida al-Garnati v Vostochnuyu i Tsentralnuyu Yevropu (Abu Hamid al-Garnati's Journey to Eastern and Central Europe)* Moscow: "Nauka" Publ., 134 (in Russian).
- 11 Varushchenko, A. N., Varushchenko, S. I., Klige, R. K. 1987. *Izmenenie rezhima Kaspiyskogo morya (Changing the regime of the Caspian Sea)*. Moscow: "Nauka" Publ. (in Russian).
- 12 Giovanni del Plano Carpini; William of Rubruck. 1997. *Istoriya mongolov. Puteshestvie v vostochnye strany (The history of the Mongols. A trip to the eastern countries)*. Moscow: "Mysl" Publ. (in Russian).



- 13 Egorov, V. L. 1985. *Istoricheskaya geografiya Zolotoy Ordy (XIII–XIV vv.) (Historical geography of the Golden Horde (13th–14th centuries))*. Moscow: “Nauka” Publ. (in Russian).
- 14 Ibragimov, N. 1988. *Ibn Battuta i ego puteshestviya po Sredney Azii (Ibn Battuta and his travels in Central Asia)*. Moscow: “Nauka” Publ. (in Russian).
- 15 Iosafat Barbaro. 1971. *Puteshestvie v Tanu. Barbaro i Kontarini o Rossii (A trip to Tana. Barbaro and Contarini on Russia)*. Leningrad: “Nauka” Publ. (in Russian).
- 16 Kalmenov, M. D. 2012. In *Vestnik ChelGU (Bulletin of Chelyabinsk State University)* 16 (270), 5–7 (in Russian).
- 17 Kalmenov, M. D. 2013a. In *Vestnik MITsAI (Bulletin of IICAS)* 18, 37–45 (in Russian).
- 18 Kalmenov, M. D. 2013b. In *Povolzhskaya arkheologiya (The Volga River Region Archaeology)* 4, 205–214 (in Russian).
- 19 Kalmenov, M. D. 2013c. *Arkheologicheskie pamyatniki Ustyurta i Mangistau na srednevekovykh karavannykh putyakh (X–XIV vv.) (Archaeological sites in Ustyurt and Mangistau on medieval caravan routes (10th–14th centuries))*. Abstract of PhD Thesis. Kazan (in Russian).
- 20 Kalmenov, M. D. 2016. *Jaiyq qalashygy – ortagasyrlyq qala madenietiniñ eskertkishi (Jaiyq settlement – a monument to the medieval city)*. Oral: “Poligrafservis” Publ. (in Kazakh).
- 21 Kalmenov, M. D. 2023. *Srednevekovye pamyatniki Ustyurta i Mangistau na karavannykh putyakh (X–XIV vv.) (Medieval monuments of Ustyurt and Mangystau on the caravan routes (10th–14th centuries))* / *Materialy i issledovaniya po arkheologii Kazakhstana (Materials and research on the archaeology of Kazakhstan)*. Vol. XVI. Almaty: Margulan Institute of Archaeology (in Russian).
- 22 Kalmenov, M. D., Bizhanova, A. E. 2015. In: Tairov, A. D. (ed.). *Etnicheskie vzaimodeystviya na Urale (Ethnic interactions in the Urals)*. Chelyabinsk, 311–314 (in Russian).
- 23 Kalmenov, M. D., Bizhanova, A. E. 2019a. In: Bocharov, S. G., Sitdikov, A. G. (eds.). *Genuezskaya Gazariya i Zolotaya Orda (Genoese Gazaria and the Golden Horde)*. Vol. 2. Kasa, Chisinau, 237–261 (in Russian).
- 24 Kalmenov, M. D., Bizhanova, A. E. 2019b. In: Shirinov, T. S. (ed.). *Arkheologiya Priuralya (Archeology of the Aral Sea region)*. Vol. 1 (79). Nukus: Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan, 122–131 (in Russian).
- 25 Kalmenov, M. D., Bizhanova, A. E. 2022. In *Arkheologiya Evraziiskikh Stepei (Archaeology of the Eurasian Steppes)* 1 (22), 172–182 (in Russian).
- 26 Kalmenov, M. D., Kasenov, M. S. 2017. In: Kayyrgaliyeva, G. K. (ed.). *Puteshestviye Ibn Batuty po Shelkovomu puti: prodvigaya dialog mezhdu kulturami (Ibn Batuta’s Journey along the Silk Road: Promoting Dialogue between Cultures)*. Atyrau: Dosmukhamedov Atyrau State University, 59–63 (in Russian).
- 27 Serbina, K. N. (ed.). 1950. *Kniga Bolshomu Chertezhu (The Book of the Big Drawing)*. Moscow: USSR Academy of Sciences (in Russian).
- 28 Kovalevskiy, A. P. 1956. *Kniga Akhmeda Ibn Fadlana... (book by Ahmed ibn Fadlan...)*. Kharkov: Kharkov State University (in Russian).
- 29 SA MIA SC MSHE RK. D. 1974: Galkin, L. L. 1982. *Otchet Volgo-Uralskoy ekspeditsii (Report of the Volga-Ural expedition)* (in Russian).
- 30 SA MIA SC MSHE RK. D. 2019: Galkin, L. L. 1983. *Otchet Volgo-Uralskoy ekspeditsii (Report of the Volga-Ural expedition)* (in Russian).
- 31 SA MIA SC MSHE RK. D. 2266: Galkin, L. L. 1989. *Svodnyy otchet Ustyurtskogo otryada (Summary report of the Ustyurt detachment)* (in Russian).
- 32 Krasnikova, O.A. 2012. In: Ivanova, B. S. (responsible for the issue). *Pyatye Mezhdunarodnye istoricheskie i Svyato-Innokentievskie chteniya (Fifth International Historical and St. Innokenty Readings)*. Petropavlovsk-Kamchatsky, 54–69 (in Russian).
- 33 Kusov, V. S. 1978. In: *Izvestiya VGO (News of the All-Union Geographical Society)* 6, 513–520 (in Russian).
- 34 Kushaev, G. A. 1993. *Etyudy drevney istorii stepnogo Priuralya (Sketches of the ancient history of the Urals)*. Uralsk: “Dialog” Publ. (in Russian).



- 35 Livkin, D. I. 1902. *Rybolovstvo i tyulenyi promysel... (Fishing and sealing)*. St. Petersburg (in Russian).
- 36 Lomakin, N. 1873. *O poluostrve Mangyshlak i putyah ottuda v raznye punkty Zakaspijskogo kraya. Zapiski Kavkazskogo otdela IRGO (About the Mangyshlak peninsula and the routes from there to various points of the Transcaspiian region. Notes of the Caucasian Department of the News of the Russian Geographical Society)*. Book 8. Tiflis: Tipografiya Glavnogo Upravleniya Namestnika Kavkazskogo i Melikova K. (in Russian).
- 37 Mahmud al-Kashgari. 2005. *Divan Lugat at-Turk (Divan lughat at-turk)*. Almaty: “Daik-Press” Publ. (in Kazakh).
- 38 Mershchiev, M. S. 1969. In: Akishev, K. A. (ed.). *Kultura drevnikh skotovodov i zemledeltsev Kazakhstana (The culture of ancient pastoralists and farmers of Kazakhstan)*. Alma-Ata: “Nauka” Publ., 153–161 (in Russian).
- 39 AMSHCR. KP-551: Astafyev, A. E. 2004. *Otchet po arkheologicheskomu issledovaniyu srednevekovogo gorodishcha Kyzylkala (Report on archaeological research of Kyzylkala)* (in Russian).
- 40 AMSHCR. KP-720: Astafyev, A. E. 2005. *Otchet Mangistauskogo otryada (Report of the Mangystau detachment)* (in Russian).
- 41 AMSHCR. KP-854: Astafyev, A. E. 2008. *Otchet o provedenii arkheologicheskikh issledovaniy (Archaeological research report)* (in Russian).
- 42 AMSHCR. KP-1147: Astafyev, A. E. 2010. *Otchet o provedenii issledovaniy gorodishcha Kyzylkala (10–13 vv.) (Report on the research of the Kyzylkala settlement (10–13 centuries))*.
- 43 Rysbekov, T. Z. et al. (eds.). 2021. *Oral qalasyňnyň tarikhly (History of the city of Uralsk)*. Almaty: “Liber” Publ. (in Kazakh, Russian and English).
- 44 Osipov, I. A. 2016. In: Zherebtsov, I. L. et al. (eds.). *Istoriya i kultura rossijskogo Severa v issledovatel'skom, obrazovatel'nom i prosvetitel'skom izmereniyah (History and Culture of the Russian North in Research, Education, and Outreach)*. Syktyvkar: Institute of Language, Literature, and History of the Komi Scientific Center of the Ural Branch of the RAS (in Russian).
- 45 Pallas, P. S. 2007. *Puteshestvie po raznym mestam Rossijskogo gosudarstva (Traveling to different places in the Russian state)*. In 3 parts: in 5 books. St. Petersburg: “Alpharet” Publ. (in Russian).
- 46 Petrov, P. N., Kalmenov, M. D. 2015. In *Numizmatika Zolotoy Ordy (Numismatics of the Golden Horde)* 5, 22–24 (in Russian).
- 47 Plakhov, V. V., Kalmenov, M. D., Koblanov, M. 2021. In *Margulan oqulary–2021 (Margulan Readings 2021)*, 2, 56–61 (in Russian).
- 48 *Posle Marko Polo, 1968 (After Marco Polo)*. Moscow: “Nauka” Publ. (in Russian).
- 49 Rybakov, B. A. 1974. *Russkie karty Moskovii 15–nach. 16 vv. (Russian maps of Moskoviya from the 15th to the early 16th centuries)*. Moscow: “Nauka” Publ. (in Russian).
- 50 Rychkov, P. I. 1999. *Topografiya Orenburgskoy gubernii (Topography of Orenburg province)*. Ufa: “Kitap” Publ. (in Russian).
- 51 Samashev, Z., Burnasheva, R., Bazylkhan, N., Plakhov, V. 2006. *Sarayshyq tiyndary (Coins of Saraichik)*. Almaty (in Kazakh, Russian, English).
- 52 Samashev, Z., Kuznetsova, O., Plakhov, V. 2008. *Keramika Saraychika (Saraichik Ceramics)*. Almaty (in Russian).
- 53 Tasmagambetov, I., Samashev, Z. 2001. *Sarayshyq (Saraichik)*. Almaty (in Kazakh, Russian, English).
- 54 Tolstov, S. P. 1948. *Po sledam drevnekhorezmiyskoy tsivilizatsii (In the footsteps of the ancient Khorezm civilization)*. Moscow, Leningrad: USSR Academy of Sciences (in Russian).
- 55 Yurchenko, A. G. 2010. In: Evglevsky, A. V. (ed.). *Stepi Evropy v epokhu srednevekovaya (The steppes of Europe in the Middle Ages)*. Donetsk: Donetsk National University, 57–96 (in Russian).
- 56 Blaeu, J. 1667. *Le Grand atlas*. MDCLXVII [1667]. URL: <https://collections.britishart.yale.edu/catalog/alma%3A99126050963408651> (accessed: 16.03.2026).
- 57 De Jode, G., De Jode, C. 1593. *Speculum orbis terrae*. Antwerpiae: Arnout Cornix pro vidua et haeredibus Gerardi de Jode, Atlas. URL: https://en.wikipedia.org/wiki/Speculum_Orbis_Terrae (accessed: 16.03.2026).
- 58 Speed, J. 1631. *A Prospect of the Most Famous Parts of the World*. London: Printed by John Dawson for George Humble, Atlas. URL: <https://www.metmuseum.org/art/collection/search/336314> (accessed: 16.03.2026).



CRediT authorship contribution statement

M. Kalmenov: the idea of writing a manuscript, conceptualization, data analysis, editing of the manuscript.

A. Bizhanova: development of research methodology, visualization, implementation of research, data analysis, writing and preparation of the manuscript.

Авторлық үлес

М.Д. Калменов: қолжазбаны жазу идеясы, тұжырымдамалау, деректерді талдау, қолжазбаны редакциялау.

А.Е. Бижанова: зерттеу әдіснамасын әзірлеу, визуализация, зерттеуді іске асыру, деректерді талдау, қолжазбаны жазу және дайындау.

Авторский вклад

М.Д. Калменов: идея написания рукописи, концептуализация, анализ данных, редактирование рукописи

А.Е. Бижанова: разработка методологии исследования, визуализация, реализация исследования, анализ данных, написание и подготовка рукописи

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді / Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов / Disclosure of conflict-of-interest information. The authors claim no conflict of interest.

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 08.01.2026.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 10.02.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 16.03.2026.

